

«Ақтөбеде арналған үкімет» мемлекеттік
«Ақтөбеде» коммерциялық емес акционерлік
қоспа. Маңғыстау облысы бойынша филиалы
Ақтау қалалық тірлеу және жер кадастры бөлімі

ЗАНДЫ ТУЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ПІРКЕУ 2022 ж. «21» шілде ЖҮРГІЗІЛДІ

СНЧ 910140000022

№ 4803-1993-НН-ИИ

Бастапқы тіркелген күні
2022 ж. «21» шілде



**Маңғыстау облысының денсаулық
сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық АИТВ инфекциясының
алдын алу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорнының**

ЖАРҒЫСЫ

Ұйымдық-құқықтық нысаны:

мемлекеттік кәсіпорын (МК)

Меншік түрі:

коммуналдық

Орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы,
Маңғыстау облысы, 130000
Ақтау қаласы, 3 шағын
ауданы, № 170 ғимарат

Ақтау қ. - 2023 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны» (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 1 қазандағы № 240 қаулысына сәйкес қайта құрылу жолмен ұйымдастыру нәтижесінде құрылған.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

орыс тілінде: Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Мангистауский областной центр по профилактике ВИЧ-инфекции» Управления здравоохранения Мангистауской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 шағын ауданы, № 170 ғимарат.

2-тарау. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты: өңірде адамның иммун тапшылығы вирусы инфекциясына (бұдан әрі - АИТВ-инфекциясы) эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру, АИТВ- инфекциясының алдын алу, диагностикалау және емдеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру, АИТВ-инфекциясының зертханалық диагностикалауды ұйымдастыру және жүргізу, АИТВ-инфекциясын емдеуге және жүргізілген зерттеулерге мониторинг жүргізу, диспансерлеу және АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдарға медициналық көмек көрсету, жанасудан кейінгі антиретровирустық алдын алуды өткізу, АИТВ- инфекциясы профилактикасы, диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша медициналық қызметкерлерді даярлықтан өткізу.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

АИТВ- инфекциясының алдын алу, диагностикалау, АИТВ-инфекциясын жұқтырғандарды емдеу мәселелері бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ведомстволарының медициналық қызметтеріне және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің оқу орындарына, Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне консультациялық, практикалық және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

үйлестіру кеңестерінде, алқаларда АИТВ-инфекциясы бойынша мәселелерді қарау;

жергілікті атқарушы органдармен, денсаулық сақтауды басқару органдарымен, әртүрлі ведомстволармен және қоғамдық бірлестіктермен бірге АИТВ-инфекциясы проблемасы бойынша алдын алу бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;

халықтың АИТВ-инфекциясына осал топтары үшін алдын алу бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг және бағалау;

АИТВ-инфекциясының таралу жолдары мен алдын алу әдістері туралы халықты хабардар ету, әр түрлі ведомстволардың мамандарын, мектептердің, орта және жоғары оқу орындарының педагогтары мен оқушыларын оқытуды ұйымдастыру, санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-білім беру материалдарын шығару және тарату;

медицина қызметкерлерін АИТВ-инфекциясына шұғыл диагностикалау, емдеу, алдын алу мәселелеріне оқыту;

АИТВ-инфекциясының берілуінің алдын алу бойынша медициналық ұйымдардың өткізген іс-шараларының тиімділігін бағалау;

АИТВ-инфекциясының жағдайларына, сыркаттанушылығына және таралуына эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыру және өткізу,

эпидемиологиялық жағдайды талдау және бағалау, АИТВ-инфекциясының таралу қарқынының алдын алуға және төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін өткізу;

АИТВ-инфекциясының болуына медициналық тексеруді ұйымдастыру;

АИТВ-инфекциясын емдеуге және жүргізілген зерттеулерге мониторинг;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ- 313/2020 бұйрығына сәйкес есеп беру үлгісін дайындау;

АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдарда АИТВ-инфекциясының және ілеспе аурулардың бастапқы және растайтын диагностикасын ұйымдастыру және жүргізу;

АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдарды диспансерлеу және емдеу кезінде зертханалық зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу;

шолғыншы эпидемиологиялық қадағалаудың серологиялық кезеңін ұйымдастыру және өткізу;

АИТВ-инфекциясына зертханалық зерттеу сапасының бақылау жүйесін ұйымдастыру, қан сарысуының оң нәтижелі үлгісін мұрағаттау;

АИТВ – инфекциясын жұқтырғандарды диспансерлеу және емдеу;

АИТВ-инфекциясын жұқтырғандарды антиретровирустық препараттармен қамтамасыз ету;

Жүктілік кезінде, босану кезінде және жаңа туған нәрестелерде АИТВ-инфекциясын жұқтырған жүкті әйелдерге профилактикалық вирусқа қарсы ем ұсыну бойынша іс-шаралар кешенін жүргізу;

АИТВ- инфекциясын жұқтырған ересектер мен балалардағы екінші рет қайталанған, оппортунистік (пневмоцистік пневмония және токсоплазмоз) аурулардың химиопрофилактикасын және амбулаториялық жағдайда оппортунистік ауруларды (пневмоцистік пневмония, герпестік инфекция, токсоплазмоз және кандидоз) емдеуді қамтамасыз ету;

Халықты жанасудан кейінгі антиретровирустық профилактикамен қамтамасыз ету;

Психоәлеуметтік консультация және тесттен өткізу қызметіне қол жетімділікті бағалау (жасырын түрде);

Медициналық ұйымдарда клиникалық айғақтары бойынша АИТВ-инфекциясына тексерілуге тиісті контингенттің толықтықтығын талдау және іріктеу сапасы;

АИТВ-инфекциясымен ауыратын науқастарға құқықтық және әлеуметтік мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсету.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған, қызметінің өзге түрлері мен ақылы қызметтер көрсету.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы

не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдарының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-Тарау. Кәсіпорынды басқару

17. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды мен талдауды жүзеге асырады;

2) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

3) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

6) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

7) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

8) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

9) басшыны тағайындайды және оны аттестаттаудан өткізеді;

10) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

19. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5 - бөлімінде көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

20. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

21. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік есепшоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін; таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

23. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

24. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

25. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

26. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

27. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

29. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

30. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

31. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

32. Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісуі бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

33. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

34. Егер Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі немесе Маңғыстау облысының әкімдігімен өзгеше

белгіленбесе, осы Жарғының 38 және 39 – тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған акшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

6 - тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

35. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

36. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

37. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

38. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7- тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

39. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 16 180 000 (он алты миллион бір жүз сексен мың) теңгені құрайды және Құрылтайшымен Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне 100 %-ға қалыптастырылады.

8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

40. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сай Кәсіпорын басшысымен бекітілген есептік саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

42. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

43. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның каражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

10 - тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

44. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

45. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

46. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

47. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес айқындалады.

48. Жұмыс режимі Еңбек Кодексында көзделген кепілдіктерді есепке алу арқылы Кәсіпорын басшасымен белгіленеді.

12 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

49. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Құрылтайшы жүзеге асырады.

50. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

51. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған каражатты қоса алғанда, облыстық бюджеттің табысына есептеледі.

13 - тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

52. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.